

егемен

Қазықастан

Желтоқсаншы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2006 жылы желтоқсан оқиғасына қатысты Алматы қаласында бой көтерген «Тәуелсіздік таңы» атты ескерткіштің ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде: «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздігіміздің алғашқы хабаршысы болды. Билік осы оқиғаға ұлтшылдық деген айып тағуға тырысты. Саяси бюрода мұның бұлай еместігі туралы менің дәлелдеуіммен, арнайы қабылданған қаулыны бұздыруыма тура келді. Осы оқиғаларды ұлтаралық қақтығыс деп атауға тырысты, алайда мұның бұлай емесін тарихтың өзі көрсетті.

Сол кезде алаңға шыққан жастардың талап-тілегі – әділеттілік пен Қазақстанның тәуелсіздігі болатын» деген еді.

Міне, биыл Елбасы айтқандай, «тәуелсіздігіміздің хабаршысы» желтоқсан оқиғасына 35 жыл толып отыр. Бұл көп уақыт емес. Оқиға куәгерлері де, оған атсалысқан адамдар да аман-есен жүр. Сол себепті биыл небір естеліктер айтылып, өткен күндер елесі тағы бір жаңғырары хақ.



Осы орайда, көпшілікке танымал мына бір суреттің тарихына тоқталып отырмыз. Екі солдат жас жігіттің қос қолын артына қайырып, бұйра шашынан уыстап тартып, желкелеп әкетіп барады...

Аталған фото газет-журналдарда көп жарық көрді, телеэкрандардан талай көрсетілді. «Бұл жігіт кім болды екен?» деген сұрақ санаға сан рет оралды. Сөйтсек, бұл азамат астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртісі Мейрам Қайсанов екен. Кешегі желтоқсаншы, бүгінгі танымал әртіс осындағы тарихи фото жайлы былай деді:

– 1986 жылдың 16 желтоқсаны болатын. Сол күні жатақханаға кешеуілдеп оралдым. Келсем, бірге тұратын жолдастарым Бақтыбек Құрманғожаев, Құрманғазы Айтмұрзаев, Сағындық Жұмаділовтер отыр екен. Бұлар менен бірекі ит көйлекті бұрын тоздырған сақа жігіттер. Өзара бірденелерді талқылап жатқанға ұқсайды. Сәлден кейін бөлмеге Мұхтар Қапалбаев кіріп келді. Өңі абыржулы. «Студенттер жиналып, көшеге шығып жатыр», деді аптығып. Бізде дайындалдық. Көркем сурет кескіндеме факультетінің жігіттері дереу лозунгтер даярлап шығарды. Оған «Әр елдің өз көсемі болу керек» деп жазып та қойдық. Сөйтіп, ынтығу мен үрей арасында көз іліндіріп алдық. Кім білген, осындай тәтті ұйқының көпке дейін арман болып қалатынын...

Таңғы сағат алты-жетілер шамасы. Бір топ студент жатақхана маңына жиналды. Жолай ҚазМУ, Медицина институтын аралап, ілесем деушілерді қосып алып, Брежнев алаңына беттедік. Дені жастар. Ештеңеден тартынар емес. Бойларын намыс билеп алған. «Өз елімізде өз ұлтымыздың азаматы басшы болсын!», «Әр ұлттың өз көсемі болсын!» деп айғайға басып тұрмыз. Бір кезде жастар Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін шырқай жөнелді. Асқақ ән жастар рухын көтеріп, намысын қайрай түскен тәрізді, шеру екпіндеп кетті. Бірақ тәртіп бұзған жоқ.

Шерушілер бір орында толқып тұрмай, қаланы аралауға кірісті. Абай көшесін бойлай отырып, Ленин (Достық) даңғылына қарай өттік. Ленин даңғылынан төмен қарай жылжыдық. Адамдар әр жақтан бізге қосылып жатты. ҚазПИ-ге келдік. Әскери адамдар есікті жауып ұстап тұр екен. Оларды қақ жарып өтіп, іштегілердің шығуына жәрдемдестік. Сыртқа шыққандар бізге қосылды.

Түс ауа сап түзеген әскерилер алаңға жиналған жастарды тықсыра бастады. Оған қарап тұрған біз жоқ. Бейтаныс біреу келіп, мені мойнына мінгізіп алды. Қолымда ұран жазылған лозунгтың бір шеті. Лозунгтың екінші шетін менен бір курс жоғары оқитын Жеңіс деген жігіт ұстады. Ол да біреудің мойнына мініп алған. Кейін осы жігіт 2,5 жылға сотталып кетті. Ашынған жұрт тарқар емес. «Қонаев қайда кетті, өз еркімен кетті ме? Шақырындар. Өз

аузынан естік», деп айғайлаған дауыстан құлақ тұнады. Бірақ қарсы жақтан еш жауап жоқ. Біз мінбеге жақындап, баспалдақпен жоғары өрледік. Сол кезде байқадық, ақ үй жақтан самсаған әскер алаңды бетке алып келе жатыр екен. Мұздай қаруланыпты. Олар қолында ешбір қаруы жоқ жандарға шабуыл жасайды деп әсте ойламаппыз. Біз ес жиып үлгергенше, қарсы жақтан «Алға!» деген қатқыл бұйрық естіліп, әлгілер бізге лап берді. Қиян-кескі қақтығыс басталды да кетті. Алаң у-шу. Қып-қызыл қанға боялған. Жан ұшырған шыңғырыс. Қаңсырап жатқан адамдарды әскерилер одан сайын мертіктіріп, алаңның сыртына қарай сүйреп әкетіп жатты... Менің де жайым шамалы еді. Екі бүйірден қатар тиген соққы есімді тандырды. Есімді жисам, әлдекімдер шашымнан тартып, сүйрелеп барады. Қарсы алдымда шақырайған жап-жарық бірнәрсе көз аштырмайды. Мына сурет осы оқиғаның қалт еткен бір сәті.

Содан бәрімізді бір машинаға тиеп, алып кетті. Қайда екендігін ешкім білмейді. Әйтеуір бір жерге келіп тоқтадық. Іші дым тартқан, иісі қолқаны қабатын тар бөлмеге әкеп қамап қойды. Кешікпей бір-бірден тергеуге шақырды. Менің де кезегім келді. Жау түсіргендей қаһарлы айдауыл алдына салып айдап келеді. Дәлізді бойлап жүріп келемін. Темірмен торланған көне есіктің ар жағынан «Менің Қазақстаным» әні естілді. Кенет жүрегіме қуат құйылғандай болды. Қайраттана түстім. Қандай қиындық көрсем де мойымауға бел будым.

Содан ұзақ-сонар тергеу басталды. Алғашқы күні: «Аты-жөнің кім? Мекен-жайың қайда? Қайда тұрасың? Алаңдағы оқиғаға қатысың бар ма?» деген әдеттегі сұрақ болды. Уақыт өткен сайын теугеушілер ауыса берді. Мені бір емес, бірнеше тергеуші тергеді. Солардың ішінде Ақкөзов деген фамилия ғана есімде қалыпты. Тергеу осылай жалғаса бергенде сөзсіз сотталатын едім. Кездойсоқ жағдай мені құтқарып қалды. Жатақханада бірге тұратын жігіттер бірігіп, менің атыма телевизор жалға алған едік. Телевизор жалдаған мекеме менің паспортымды алып қалып: «институтыңа барып анықтама қағаз әкел де, паспортыңды ал» деп, қоя берген-тін. Сол анықтаманы қалтама салып қойғам. Камерада бірге отырған жігіттер жоспар құрдық: «Бәріміз сотталғанша, ебін тауып құтылуды ойлайық. Мейрам сен мына «анықтаманы» көрсетіп, шеруге ешқандай қатысым жоқ, телевизор алуға кетіп бара жатқам», деп тергеушіге жауап бер, деді. Келесі күні тергеу басталғанда: «Менің шеруге ешқандай қатысым жоқ. Өз жайыммен анықтама қағазын өткізуге бара жатқанмын. Алаңда жиналған адамдарды көріп, «не болып жатыр» деген қызығушылықпен барып, қолға түстім», деуден бір танбадым. Тергеуші қазақ менің айтқанымды тыңдап алды да: «Балам, бұл өтірігің ұйқасты екен, осы сөзіңнен танба» дегені. Ақыры, өтірігім сәтті

шығып, қамаудан босадым. Қақпадан шыққан соң денем тітіркеніп кетті. Аяғымды ілбіп басып, жатақханаға әрең жеттім.

Осымен тергеу бітті деп жүргенімде, 1986 жылдың соңғы 31 желтоқсан күні қайыра шақырған «повестка» келді. Екінші рет тергеу жаңадан басталды. Баяғы бір сарынды сұрақтар. Тергеуші қайталаудан жалықпайды, мен өз айтқанымнан танбаймын. Бірақ өтірігім әшкереленді. Шеру кезінде түсірілген бейнетаспаларды сүзіп қарап шыққан екен, бір жігіттің мойнына мініп алған қолымда жалынды ұран, айғайды салып мен жүрмін. Не істеймін? Бұлтартпас дәлел. Мойындаудан басқа амал жоқ.

Бір күні сырттан сыптығырлау келген қазақ жігіті кіріп келді. Ол да тергеуші екен. Маған жақсылап қарап алды да: «Осы сен Қайраттың інісі емессің бе?» деді. «Иә, Қайраттың інісімін, ол – менің ағам». Сөйтіп, ойда-жоқта ағамның тергеуші досының көмегі тиіп, аман қалдым. Бәрібір ұран көтеріп, ұрысқа шыққаным ізсіз қалмады. Оқудан шығарып жіберді. Артынан Рабиға Қаныбаева, Асылбек Ықсанов сынды шарапаты мол жайсаң ұстаздарымның арқасында оқуға қайта қабылданып, аман-есен бітіріп шықтым ...

Желтоқсаншы Мейрам Иебекұлы қазір өнер қайраткері, танымал әртіс, Қ.Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалы драма театрында қызмет істеп жүр. 30- дан астам қойылымда негізгі рөлдерді сомдады. Кешегі солдат сүйреген бұйра шашы бүгін бурыл тартқан. Жан жары Гүлмирамен бірге Жапар атты ұлын өсіріп, Арқаның саумал ауасын жұтып, аман-есен жүріп жатыр.